



**«Жас Дарын-2 бастауыш мектебі»
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылықпен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату; отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру; өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу; әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу; өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Құндылықтар:

1. Тәуелсіздік және Отаншылдық
2. Бірлік және Ынтымақ
3. Әділдік және Жауапкершілік
4. Заң және Тәртіп
5. Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
6. Жасампаздық және Жаңашылдық

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

Күнделікті:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

Апта сайын:

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлықын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;

Буллингтен қорған!

Ойынға салауатты көзқарас;

Өмірге салауатты қадам;

Қоғамдық мүлікті қорға!

Қауіпсіз қоғам.

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шарасы сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізу ұсынылады.

Сынып сағаттарында **«Буллингтен қорған!»** алдын алу шарасын ұйымдастыру ұсынылады. Бұл білім алушылардың басқалармен қарым-қатынас жасау, өз эмоцияларын басқару және қақтығыстық жағдайларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер мен кейс-сессияларын мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізу ұсынылады.

«Ойынға салауатты көзқарас» – лудоманияның алдын-алуға бағытталады. Лудомания туралы бейнероликтер қарауға, ойынға құмарлық, онлайн ойындарға ақша тігу т.б. зияны туралы топтық талқылаулар ұйымдастыруға және салауатты әдеттерді, баламалы қызығушылықтар мен хоббиді дамытуға бағытталған сынып сағаттарын, мектепішілік шеберлік сыныптарын өткізуді қамтиды.

«Өмірге салауатты қадам» алдын-алу іс-шаралары шеңберінде синтетикалық есірткінің (Интернет-ресурстар арқылы) таралуының алдын алу және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша сынып сағаттарында олардың зияны мен денсаулыққа теріс әсері туралы деректі фильмдер көру, сыныптарда есірткіге қарсы плакаттар, бейнероликтер және т.б. әзірлеу, дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты мәселелерін талқылау бойынша іс-шаралар өткізу ұсынылады.

«Қоғамдық мүлікті қорға!» сынып сағаттарында вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар әзірлеу және/немесе қоғамдық мүлікті қиратудың, мәдени ескерткіштерді қиратудың зияны туралы топтық талқылауларды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізуді қамтиды.

«Қауіпсіз қоғам» Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі заттарын таратуға және т.б. құқықбұзушылық актілеріне байланысты негізгі нормаларды түсіндіру және адам бас бостандығынан айыру, заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық істер туралы бейнероликтер қарау мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлескен шаралар өткізуді қамтиды.

Қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру, буллинг, лудомания, вандализм, нашакорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде сынып сағаттарын ұйымдастыру жоспарына сәйкес жүргізу ұсынылады (Бұйрыққа 2-қосымша).

Білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде келесі әлеуметтік жобалар ұсынылады:

«Қамқор» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру арқылы түйінді құндылықтарды дамыту қарастырылады. Жоба шеңберінде білім алушыларды «Қоғамға қызмет ету» волонтерлікке ата-аналар қауымдастығы және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қарттарға көмек көрсету, жануарларға қамқорлық жасау, табиғат элементтерінен қайта өңделген материалдарды пайдалана отырып құстарға ұя жасау т.б. ұсынылады.

Сонымен қатар жобаны іске асыру «Жер сағаты» экологиялық акциясын, «Түлектердің ағаш егуі» экокелленджін, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясын өткізуді қамтиды. «Жер сағаты» экологиялық акциясы климаттың өзгеруі мен ресурстарды үнемдеудің жаһандық мәселелеріне назар аударуға бағытталған бастама болып табылады. Акцияның негізгі элементі – жарық пен электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру, бұл энергияны ұқыпты пайдалануға үндейді. Білім беру ұйымдары жыл бойы табиғи ресурстарды қорғаудың маңыздылығын көрсететін постер, жадынама әзірлеуге болады.

«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі – бұл бүкіл республика бойынша мектеп түлектері арасында (9-шы және 11-сыныптар) мектеп аулаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызуға үндейді. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» – бұл мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарды (саябақтар, скверлер) тазалау акциясы.

«Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың түрлі мамандыққа деген қызығушылығын дамыту және еңбексүйгіштікке баулу арқылы еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығын қалыптастыруды көздейді. Жоба «Күзгі асар» жәрмеңкесін, «Мамандықтар әлемі» іс-шараларын, «Мамандықтар марафоны» байқауын, мектептің әлеуметтік желілеріне жазбалар жариялау арқылы жүзеге асырылады. «Күзгі асар» жәрмеңкесінде білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен табиғаттың орман өнімдерін пайдалана отырып, ата-аналарымен бірлесіп жасаған қолөнерлерін ұсынады. «Мамандық әлемі» шарасын өткізу мамандықтармен танысу үшін түрлі кәсіпорындарға немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеп, өңірдегі мамандықтармен танысады. «Мамандықтар марафоны» байқауы білім алушылардың шеберлігін көрсету арқылы (мысалы, ағаштан бұйым жасау) әртүрлі мамандықтарға бейімділігін және білім беру ұйымдарындағы жас шеберлерді, таланттарды анықтауға бағытталады (WorldSkills халықаралық байқауына дайындық). Конкурс сарапшыларына түрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тартуға болады. Мектептің әлеуметтік желілерінде білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат жүргізіп, оны мектептің әлеуметтік желілерінде жариялайды, үздік жазба иелерін анықталады.

«Шабыт» – білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба. Жобаны жүзеге асыру барысында «Даналық ұстаздан» челленджін, «Ұлттық мәдениет» көрмесін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін, «Ананың аялы алақаны» челленджін, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысын ұйымдастырылады.

«Даналық ұстаздан» – мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғалімдеріне, сүйікті педагогтерге және құрметті тәлімгерлерге арналған челленджі өткізіледі. Қатысушылар бейне хабарлама, мақалалар, өлеңдер, әндер, суреттер және басқа да шығармашылық формалар арқылы алғыстарын білдіре алады.

«Ұлттық мәдениет» көрмесі білім алушылардың ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден және басқа материалдардан жасалған бұйымдар) пайдалана отырып орындалған шығармашылық жұмыстарын ұсынады. Мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға аптасына бір рет мектепке ұлттық киіммен келуге немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды қолдануға болады.

«Ананың аялы алақаны» челленджінде білім алушылар бейнероликтер, мерекелік ашықхаттар және бейне құттықтаулар арқылы аналарына, әжелеріне және барлық аналарға алғыстарын білдіре алады.

«Әншуақ» фестивалі #Әншуақ хэштегімен «TikTok» әлеуметтік желісінде өз әнін жанды дауыста орындаудың бейнежазбасын жариялау арқылы білім алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту.

«Домбыра күні» – білім алушылардың, талантты музыканттар мен орындаушылардың қатысуымен түрлі ұлттық аспаптар көрмесімен сүйемелденетін концерт ұйымдастыру.

Мектеп театрының жұмысын ұйымдастыруда әдеби шығармалар, тарихи оқиғалар мен атаулы күндер, сонымен қатар

жағымсыз әдеттердің алдын алу (лудомания, нашақорлық, кибергигиена т.б.) бойынша сыныптар арасында байқаулар мен театрландырылған қойылымдар фестивалін өткізу ұсынылады.

«Ұшқыр ой алаңы» – пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу арқылы тақырыпты зерделеу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру негізінде түйінді құндылықтарды дамыту көзделеді. Білім беру ұйымдарына құндылықтарға, тарихи оқиғаларға, атаулы күндерге, адам құқығы мен заңдарды зерттеуге, жағымсыз әдеттердің алдын алуға (лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық-зомбылық, буллинг және т.б.) байланысты тақырыптық пікірталастар өткізу ұсынылады. Пікірталасқа ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін тартуға болады.

Зияткерлік ойындарды тек мектеп пәндеріне ғана емес, сонымен қатар танымал тұлғаларға, атаулы күндерге, әлемдік және спорттық оқиғаларға байланысты зияткерлік ойындарды ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту ұсынылады.

«Smart bala» жобасы – инновациялық жобалар байқауы арқылы құндылықты дамытуды көздейді. Жоба шеңберінде «Startup» және «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурстары өткізіледі. «Startup» байқауы кәсіпкерлік және инновация саласында білім алушылардың қызығушылығын оятуға және дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарына TEDx форматында таныстырылымдар, инновациялық идеялардың тұсаукесерлерін өткізу ұсынылады.

«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауында мектептің мүмкіндіктеріне қарай, жасанды интеллектті пайдалану арқылы командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізуге болады. Конкурсты ұйымдастыру барысында инновациялық объектілерге бару немесе аталған объектілер туралы материалдарды (EXPO, IT университеті, ғарыш айлағы және басқалар) онлайн-қарау ұсынылады.

«Балалар кітапханасы» – оқу мен білімге деген қызығушылықты қалыптастыру. Жоба әдеби кеш, кітаптар жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауы, «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджінен тұрады.

Білім беру ұйымдарына әдеби кеш, кітап жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауын өткізу кезінде балалар мен жастар арасында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылауды ұйымдастыруға болады.

«Кітаптар айналымы» акциясы шеңберінде кітапханада, мектеп буккросингінде білім алушыға қажетті кітапты алып оқуы үшін үйден өзінің бір кітабын әкеліп ауыстырып алу мүмкіндігі болатын кітаптар сөресін құру ұсынылады.

«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Досыңа кітап сыйла» челленджін ұйымдастыруды, жазбалары мен тілектері бар кітаптарға сыйлық мұқабаларын жасауды және т.б. қамтиды.

Әлеуметтік жобаларды іске асыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес өткізіледі (бұйрыққа 2-қосымша). Білім беру ұйымдары іс-шараларды өткізу уақытын, қатысушылардың санын, өтетін орнын дербес айқындайды. Әрбір іс-шараның мазмұнын әзірлеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру қажет.

I. ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ, ӨТКІЗІЛГЕН ІС –ШАРАЛАРДЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ

№	Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақыл ау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қар ау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақыл ау
1	Тәрбие жұмысында нормативтік құжаттардың басшылыққа алынуы	Құжаттардың бірыңғай талаптарға сәйкестігін назарда ұстау	Тәрбие жұмысының жоспары	Жаппай	Құжаттамаларды зерделеу	Тамыз, қаңтар	Директор ДТІЖО	ДЖК	Матрицаның VI бөліміндегі басқару шешімдерінің нұсқаларын қараңыз	Қаңтар
2	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру, сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын бекіту және тексеру	Тәрбие жұмысының басымдықтарын және сапасын анықтау	Сынып жетекшілерінің жұмысы	Жаппай	Жоспардың орындалуын бақылау, талдау	Тамыз, қаңтар	ДТІЖО	СЖО	Тәрбие жұмысының тұжырымдамасы, құндылықтар	Қаңтар
3	Ата-аналармен жұмыс жасауды ұйымдастыру	Мектеп-оқушы-ата-ана үштік одақтың жұмыс сапасын бағалау	Ата-аналармен жұмыс	Тақырыптық	тәрбие сағаттарының жоспарлары,, жиналыстар хаттамалары, ресурстар	Токсан сайын	ДТІЖО Сынып жетекшілер	ӘКО	Ата-аналар академиясының жұмысы	Қыркүйек, қараша, қаңтар, сәуір
4	Тәрбие сағаттарының тиімділігі	Сынып сағатының мазмұнына және тәрбиелеу мен оқытудың жаңа тәсілдерін енгізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз ету	1-2-сынып 3-4-сынып	Жаппай	Сынып сағаттарын бақылау, талдау, сұқбаттасу	Қыркүйек Қараша Қаңтар Наурыз Мамыр	ДТІЖО Сынып жетекшілер	ӘКО	ӘНХ тәрбие ерекшеліктері	Қараша Қаңтар Наурыз

5	Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру. Спорт секциялары мен үйірме жұмыстарының жүргізілу деңгейі	Үйірме бағдарламасының сабақ мазмұнына сәйкестігін анықтау, оқушыларды үйірмелер мен спорт секцияларының жұмысына тарту процесіндегі қиындықтарды диагностикалау. Сабақтан тыс уақытта және үйірмелерде қосымша сабақтарға қатысатын балалардың ынталандырудағы ата-аналардың рөлін анықтау	1-4-сыныптар	Жаппай	Сауалнама, сұқбаттар алу, диагностика жасау	Тоқсан сайын	Педагог ұйымдастырушы	ДЖК	Оқушылардың үйірмемен қамтылуын бақылау	Тоқсан сайын
6	«Жас ұлан», «Жас қыран», өзін-өзі басқару ұйымдары жұмысы	«Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдары, өзін-өзі басқару органдары жұмысының тиімділігін айқындау	Өзін-өзі басқару ұйымы	Тақырыптық	құжаттамаларды зерделеу, ашық сұрақтар бойынша сұқбат жүргізу	Тоқсан сайын	Аға тәлімгер	ӨББҰО	Жас ұлан ұйымының бұйрығына сәйкес	
7	Сабақтан тыс тәрбиелік жобаларды ұйымдастыру және оны іске асыру	«Оқуға құштар мектеп», дебаттық қозғалыс, «Балалар және театр» акциясын өткізу сапасын анықтау	Тәлімгердің жұмыстары, тәрбие орынбасары	Тақырыптық	жобалардың жоспарларын зерделеу, іс-шараларды талдау	Тоқсан сайын	ДТІЖО Педагог ұйымдастырушы, Тәлімгер	ҒӘК	ӘНХ тәрбие ерекшеліктері	
8	«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы	Әлеуметтік қорғаусыз қалған отбасы балаларына материалдық көмек көрсетудің сапасын анықтау	Әлеуметтік педагог	Тақырыптық	Құжаттарды зерделеу, сауалнама	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	ДЖК	ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысына сай	Жыл бойы
9	Әлеуметтік қорғалмаған отбасы топтарына жататын білім алушылардың санатын анықтау және құжаттарын жинақтау	Жазғы лагерьге тегін ыстық тамақпен, жолдамалармен, өзге де материалдық көмекпен қамтамасыз ету	Әлеуметтік қорғалмаған отбасылар	Тақырыптық	Құжаттамаларды зерделеу, жабық сұрақтар арқылы сұқбат жүргізу	Тоқсан сайын	Әлеуметтік педагог	ДЖК	ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысына сай	Тоқсан сайын

10	Оқушыларға тегін ыстық тамақ беруді ұйымдастыру және тамақ сапасы	Білім алушылардың ыстық тамағын ұйымдастыруы үшін қолайлы жағдай жасау және азық-түліктің санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз етуілуін бақылау	1-4-сыныптар	Жаппай	бақылау, құжаттамаларды зерделеу, әңгімелесу	Күнделікті	Әлеуметтік педагог	СЖО	Брокираждық комиссия жұмысы	
11	Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс жоспарының орындалуы	Буллинг/кибербуллинг жағдайларын уақтылы анықтау; зорлық-зомбылықты, өзін-өзі бұзатын мінез-құлықты болдырмау	Психологтар	Жаппай	Құжаттамаларды зерделеу, сауалнамалар алу, сұқбаттасу	Токсан сайын	Психолог Әлеуметтік педагог	ҒӘЖ/ ПҚ	ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы	Токсан сайын
12	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс істеу ерекшеліктері	Оқудағы және тұлғалық дамудағы қиындықтарды анықтау, инклюзивті оқытуды талап ететін оқушылардың құжаттарын зерделеу	Мұғалімдердің, дефектологтың, логопедтің, психологтың жұмысы	Тақырыптық	ҚМЖ жоспарларын талдау, сабақтар мен сынып сағаттарын бақылау, сұқбаттасу	Жыл бойы	Логопед	ДЖК		Жыл бойы
13	Қолайсыз отбасыларға, «Тәуекел топтары» оқушыларына әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бойынша жұмыстың жай-күйі (жеке консультациялар)	Құқық бұзушылыққа бейім, сабақты дәлелсіз себептермен өткізбейтін және теріс қылықтар жасайтын оқушылармен профилактикалық іс-шаралардың сапасын диагностикалау	Тәуекел топтағы балалардың құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша жұмыс	Тақырыптық	Құжаттамаларды зерделеу, сауалнамалар алу, бақылау	Кезекті	ДТІЖО Әлеуметтік педагог, психолог	ӘКО	ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы	Кезекті

14	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыстың жай-күйі	Қалалық, аудандық ІІБ, Наркопост ұйымдарымен бірлескен жұмыстың болуын және іске асырылуын бақылау Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау, демалыс кезінде құқық бұзушылықтардың, қауіпсіздіктің алдын алу	Бірлескен жұмыс жоспары	Жаппай	Жоспарларды талдау	тамыз желтоқсан сәуір	ДТІЖО	ӘКО	Тағайындалған тәлімгердің жұмысы	Желтоқсан сәуір
15	Ұлдар мен қыздар кеңестерінің жұмысы туралы	Құқық бұзушылыққа, қауіпсіздікке кеңес беру, қолдау және алдын алу жөніндегі кеңестер жұмысының оң нәтижелерін зерделеу	Ұлдар мен қыздар кеңестерінің жұмысы	Жаппай	Құжаттамаларды зерделеу, жиналыстар хаттамалары	Кезекті	ДТІЖО Тәлімгер Педагог ұйымдастырушы	СЖО	ӘНХ тәрбие ерекшеліктері	Ақпан
16	Медицина қызметкерінің жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру бойынша профилактикалық жұмысының нәтижелері	Білім алушылардың бірыңғай гигиеналық талаптарды сақтауын қамтамасыз ету	1-4-сынып оқушылары	Тақырыптық	құжаттаманы зерделеу, сауалнама жүргізу, бақылау	Ай сайын	Мектеп мейірбикесі	Кеңес	ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы	Ақпан
17	Әскери-патриоттық тәрбиені ұйымдастыру деңгейі	Әскери-патриоттық тәрбиелеуді ұйымдастыру деңгейін, іс-шаралар сапасын айқындау	Жұмыс жоспары, іс-шаралар жоспары	Тақырыптық	құжаттамаларды зерделеу, сауалнама алу	Тоқсан сайын	АӘТД жетекшісі	Кеңес	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы	Тоқсан сайын

18	Жолда жүру ережелерін сақтау бағдарламасының орындалу деңгей. 1-8 сыныптар. 1-11 сынып аралығындағы ӨҚН бағдарламасының өткізуі мен орындалуы.	Жолда жүру ережелерін сақтау және ӨҚН бағдарламасының өткізілуі мен орындалуын зерделеу.	ҚМЖ	Тақырыптық	Зерделеу Бақылау	Қараша	ДТІЖО Сынып жетекшілер	ДЖК	Хаттама Бұйрық	ДЖК Қаңтар
19	Мектеп мұғалімдерінің оқушылармен қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша іс-шаралар өткізуі. Оқушылардың жарақаттануының алдын алу.	Қауіпсіздік техникасының сақтау және алдын алу.	Қауіпсіздік техникасы		Зерделеу Бақылау	Қазан	ДТІЖО Сынып жетекшілер	ДЖК	Хаттама Бұйрық	ДЖК Наурыз
20	Құқық бұзушылыққа бейім оқушылармен жұмыстар. Мектепшілік есепте тұратын оқушылармен жұмыс. Оқушылардың сабаққа қатысуы	Құқық бұзушылыққа бейім оқушылардың мәліметтерін жинау және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру.	Құқық бұзушылыққа бейім оқушылар, ата-аналар, сынып жетекшілерінің құжаттары.	Тақырыптық	Зерделеу Бақылау	Қыркүйек	ДТІЖО Мектеп инспекторы	ДЖК	Хаттама Бұйрық	ДЖК Қазан Қаңтар Наурыз ПК Мамыр

2) Зағтар маңниттік касиетке не болу үшін не істеу керек?

21	«ДосболLIKE» бағдарламасын және «Менің бауырым» волонтерлік жобасын іске асыру шеңберінде мектепте салауатты және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру	«ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу	Түрлі іс-шараларды ұйымдастыру	Тақырыптық	Кешенді-жалпылаушы бақылау/құжаттамаларды зерделеу	Жоспарға сәйкес	ДТІЖО Тәлімгер Педагог ұйымдастырушы	ДЖК	Жұмыс жоспары, іс-шаралар жоспары	
22	«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасының негізгі құндылықтарын дәріптеу	Тұлғаны қалыптастыруға бағытталған құндылықтарды дамыту	Түрлі іс-шараларды ұйымдастыру	Тақырыптық	Кешенді-жалпылаушы бақылау/құжаттамаларды зерделеу	Жоспарға сәйкес	ДТІЖО Тәлімгер Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер	ДЖК	Жұмыс жоспары, іс-шаралар жоспары	

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Ұйымдастыру және әдістемелік сүйемелдеу жұмыстары				
1.	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны және оны енгізу алгоритмі бойынша оқыту семинарын ұйымдастыру.	Ақпарат	ДТІЖО, шығармашылық топ	28-29.08.2024ж.
2.	Мектептің сайтына кешенді жоспарды орналастырып, педагогтер қауымын ақпараттандыру.	Ақпарат	ДТІЖО	Қыркүйек 2024 жыл
3.	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңын жүзеге асыру мақсатына білім беру ұйымдарында құқық қорғау қызметкерлерімен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру (кездесулер, онлайн талқылаулар,	Іс-шаралар жоспары	Мектеп әкімшілігі	Тұрақты

	сауалнамалар, бейнематериалдар шеруі т.б.)			
4.	Мектепті жаратқандыру (мектептер, колледждер, мектепке дейінгі ұйымдар) террористік тұрғыдан осал объектілерді, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тиісті жабдықтар және Білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілер (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығы) мамандандырылған күзет, бейнекамералар, Жедел басқару орталықтарына қосу, дабыл түймесі.	Зерделеу, басқармаларға хат жолдау	Мектеп әкімшілігі	2024-2029 жж.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат				
5	Мектеп педагогтерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша іс- шаралар өткізу.	Мәлімет	Мектеп әкімшілігі	2024-2027 жылдар
6	«Теңге – Қазақстанның үміті мен өмірінің символы» тақырыбында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтарына арналған іс-шара	Мәлімет	Мектеп әкімшілігі	2024-2027 жылдар
7	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мақсатында мектепте тәжірибе алмасу үшін диалог алаңдарын ұйымдастыру	Мәлімет	Мектеп әкімшілігі	2024-2027 жылдар

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1	1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы	Педагогикалық кеңес, әдістемелік бірлестік отырыстарында қаралады	Мектеп әкімшілігі, ӘБ жетекшілері, пән мұғалімдері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, педагог-	Жыл бойы (қажетінше)

2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы
3. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы
4. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы
5. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы
6. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 ж. № 216 бұйрығы
7. «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы
8. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы
9. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы
10. «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83

	организатор, тәлімгер, сынып жетекшілер, т.б.	
--	--	--

бұйрығы

11. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші бас шыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 11.11.2021 ж. №559 бұйрығы
12. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші бас шылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 21.02.2012 ж. № 57 бұйрығы
13. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы
14. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы
15. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы
16. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы
17. «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы
18. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы
19. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы
20. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы
21. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру

--	--	--

